

«Баянауыл ауданы білім бөлімінің Ақши жалпы орта білім беру мектебі»

КММ

Қамқоршылық кеңесінің жиналыс

Хаттама №2

Күні: 19.01.2019

Қатысқандар: 22

Қатыспағандар:

Күн тәртібінде:

1. I жарты жылдық оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы
2. Қамқорлық акция аясында жүргізіліп жатқан мәлімет
3. Көп балалы отбасыларына көрсетіліп жатқан көмек

Тыңдалды: Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Жаминов Бақыт I жарты жылдық аяқталып, жаңа жыл басталғанын, 2018 жылы жасалған жұмыстар жайлы мәліметті тыңдап, қаңтар айының 10 мен ақпан айының 10 аралығында өтіп жатқан «Қамқорлық» акциясы жайлы мәліметке назар аударып, көп балалы отбасыларға қандай көмек керектігіне және көрсетіліп жатқан көмек жайлы мәліметке назар аударыңыздар деп сөз бастады.

Сөйледі: Оқу ісінің меңгерушісі: Шакишева А.Ғ. Жалпы мектептің барлық пәндер бойынша білім сапасы 73 пайызды құрайтынын. 1,2,3,5,6,7,8 сыныптар жаңа білім беру мазмұны бойынша білім алып жатқанына, ал 4,9 сыныптар биылғы оқу жылында енгізілетініне. Жаңа білім мазмұны бойынша білім алып жатқан оқушылар күнделікті сабақта бағаланбайтынын, тек смайликтер беріліп отыратынына назар аудартты. Баға жиынтық бағалау бойынша ғана қойылады. Әр пән бойынша бөлім аяқталғанда жиынтық бағалау алынады. Сол тапсырмалардан алынған баға күнделік КЗ, яғни, электронды журналға тіркеліп отырылады.

Оқу жылының басынан оқу жетістігін сырттай бағалауға дайындық жүргізіліп жатыр. 4 және 9 сыныптарда. ОЖСБ бойынша дайындық сабақтары 4 сыныпта сенбі күні сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін. 9 сыныпта дүйсенбі-жұма аралығында сағат 16.00-де, сенбі күндері сағат 10-да тест алынып отырады.

Оқушылар аудандық оқуларға, олимпиадаларға қатысып тұрады. Оқушылар арасында олимпиадаға Жүнісбекова Жаннұр қатысып, тарих пәнінен III орынға ие болды. Аудандық Мағжан Жұмабаев оқуларында Қанафия Нұрсұлу II орынға ие болды. Махамбет оқуларынан мүшайра секциясы бойынша Жүнісбекова Жаннұр III орынға ие болды. Оқулар әлі де жалғасады. 1 наурызда Мәшһүр Жүсіп оқулары өтеді деп жоспарланып отырғанын, оқушылар дайындалып жатқанын айтып өтті.



Сөйледі: ТІМ: А.Б.Жунусбекова. Қаңтар айының 10 мен ақпан айының 10 аралығында республикалық «Қамқорлық» акциясы өтуде. Акция жайлы таратпа жұмыстары жүргізілуде, мектептің кіреберісіне стенд жасалып, акция жайлы мәліметтер және көмек жасағысы келетіндерге хабарласу мекен-жайлары жазылды.

Ауылымызда 33 шаруашылық қожалықтары бар деп тіркелгенімен, мектеппен тығыз байланыстағы ШҚ-на ата-аналар комитетінің төрайымы Рахимжанова А. хабарласып, көмек сұрауда. «Ұстаз-екінші ана» демекші, ұстаздар тарапынан көмек көрсетілді. Бастауыш сыныптың 5 көп балалы оқушысына мектепке қажетті заттар алынып берілді. Әлі де акция жалғасуда, көмек көрсетем деген ізгі жандарға есігіміз әрқашан ашық.

Сөйледі: Тәрбие ісінің меңгерушісі: А.Б.Жунусбекова. Мектептің әлеуметтік картасына назар аударсақ, біздің мектепте 12 көп балалы отбасынан 32 көп балалы оқушы біздің мектепте тіркелген. Қаңтардың 10-нан бастап 4 сынып оқушысы Нұрғалиев Ернұр Тельманұлы «Д» есепке алынды. Мектепте әлеуметтік жағдай бойынша 33 оқушы тіркелген. 33 оқушының 24 оқушысы ЖБҚҚ тегін ыстық тамақпен қамтылған, 3 оқушы жеткізуші және ШҚ есебінен тамақтанады. Осы отбасылардан көмекке зәру отбасыларды оқу жылының басында «Мектепке жол» акциясы аясында 4 көп балалы отбасының 4 оқушысына мектепке қажетті деген заттарын алып берген болатынбыз. Қорытындылай келсек, мектебімізде аз қамтамасыз етілген отбасылар жоқ болғандықтан, әр түрлі акция аясында көп балалы отбасылаға көмектер көрсетіліп отыратынына тоқталып өтті.

Сөйледі: Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Жаминов Бақыт. Мектебіміздің әлеуметтік жағдайына назар аударатын болсақ, 32 көп балалы оқушы және 1 «Д» есепке алынған оқушы бар екен. Осы оқушылар тегін ыстық тамақпен қамтылып акция барысында көмектер көрсетіліп отырса, ауылымызда жанашыр, ізгі жандардың көмек көрсетеді деп сенеміз.

- Қаулы:**
1. Мектептің оқу-және тәрбие процесі жоспар бойынша жүргізілсін.
 2. «Қамқорлық» акциясы аяқталысымен мәлімет тапсырылсын.
 3. Көп балалы отбасыларға көрсетіліп жатқан көмек жайлы мәлімет жасалсын.

Жиналыс төрағасы:  Жаминов Б.Ж
Хатшы:  Көмекбаева Д.М